

Мұхтар Әуезов

(1897-1961)





Өмірбаяны


Мұхтар Омарханұлы Әуезов - қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Туған жері - бұрынғы Семей уезінің Шыңғыс болысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы).



Жылдар	Оқиғалар
1897 жылы	Семей облысы Абай ауданында Бөрілі деген жерде дүниеге келеді
1908 жылы	Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп, орыс мектебіне түсіреді
1917 жылы	Семинарияда оқып жүргенде тұңғыш күрделі шығармашылығы жарық көреді «Еңлік- Кебек» драмасы жарық көреді «Адамшылық негізі-әйел»
1919 жылы	Мұғалімдер семинариясын бітіріп, Семей атқару камитетінде ұлттар бөлімінің меңгерушісі, одан соң төрағасы болып істейді
1921 жылы	Алғашқы көркем әңгімесі жарық көреді «Қорғансыздың күні»
1922 жылы	Орынборда ҚОК жауапты қызмет атқарады
1922-1923 жылдары	Мұхтардың біраз әңгімелері жарық көреді «Кешкі дөң басында», «Сана», «Шолпан» газеттерінде жарық көреді «Қысқы түн», «Сөніп жану»
1929 жылы	Орта Азия мемлекеттік университеті түркология факультетіне асперантураға түсіп, 1930 жылы қазан айына дейін болған
1934 жылы	Қазақ мемлекеттік университетінде лексия оқиды «Айман-Шолпан» «Бекет» пьесалары жарық көреді «Білекке-білек» «үш күн»
1942-1956 жылдары	Ең үлкен табысы «Абай жолы» романын жазады «Абай жолы»
1951-1953 жылдары	М. Ломоносов атындағы университетте профессор болып қызмет атқарады
1959 жылы	Екі тілде мақалалар жазады Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінде депутат болып қызмет атқарады «әр жылдар ойлары»
1961 жылы	Артына өшпес із қалдырған Мұхтар Әуезов дүниеден өтеді.



«Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығармалық және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. «Абай жолы» роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н.Тихонов, Б.Матип т.б. жоғары баға береді.



Мұхтар Омарханұлы Әуезов құрметіне шығарылған марка

